

"Қазақстан Республикасы мен энергия тиімділігін арттыру бағдарламаларына және жастар корпусын дамытуға арналған бір донордың Траст қоры әкімшісі ретінде әрекет етуші Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы грант туралы (Жастар корпусын дамыту жобасы) келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 955 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы мен энергия тиімділігін арттыру бағдарламаларына және жастар корпусын дамытуға арналған бір донордың Траст қоры әкімшісі ретінде әрекет етуші Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы грант туралы (Жастар корпусын дамыту жобасы) келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасы мен энергия тиімділігін арттыру бағдарламаларына және жастар корпусын дамытуға арналған бір донордың Траст қоры әкімшісі ретінде әрекет етуші Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы грант туралы (Жастар корпусын дамыту жобасы) келісімді ратификациялау туралы

2015 жылғы 10 қыркүйекте Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен энергия тиімділігін арттыру бағдарламаларына және жастар корпусын дамытуға арналған бір донордың Траст қоры әкімшісі ретінде әрекет етуші Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы грант туралы (Жастар корпусын дамыту жобасы) келісім ратификациялансын.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 6

т а м ы з д а ғ ы

№ 7 4

Ж а р л ы ғ ы м е н

МАҚҰЛДАНҒАН

Қазақстан Республикасы мен энергия тиімділігін арттыру бағдарламаларына және жастар корпусын дамытуға арналған бір донордың Траст қоры әкімшісі ретінде әрекет етуші Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы грант туралы

(Жастар корпусын дамыту жобасы)

КЕЛІСІМ

Т р а с т

қ о р ы н ы ң

№ TF014174 гранты

ГРАНТ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

2015 жылғы _____ келісім Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – Алушы) мен энергия тиімділігін арттыру бағдарламаларына және жастар корпусын дамытуға арналған бір донордың Траст қоры (бұдан әрі – Траст қоры) әкімшісі ретінде әрекет етуші Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (бұдан әрі – Дүниежүзілік банк) а р а с ы н д а ж а с а л д ы .

Осы арқылы Алушы мен Дүниежүзілік банк төмендегілер туралы уағдаласты:

I бап

Стандартты шарттар; Анықтамалар

1.01. Дүниежүзілік банк әртүрлі қорлардан бөлетін гранттар бойынша 2012 жылғы 15 ақпандағы Стандартты шарттар (бұдан әрі – Стандартты шарттар) осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

1.02. Егер мәнмәтінде өзгеше көзделмесе, осы Келісімде пайдаланылатын және бас әріппен жазылған терминдер оларға Стандартты шарттардың немесе осы Келісімнің негізінде берілген мәндерге ие.

II бап

Жоба

2.01. Алушы өзінің осы Келісімге (бұдан әрі – Жоба) 1-қосымшада көрсетілген жоба мақсаттарын ұстанатынын мәлімдейді. Осыған байланысты Стандартты шарттардың II бабының ережелеріне сәйкес Алушы Жобаны Білім және ғылым министрлігі арқылы іске асыруды қамтамасыз етеді.

2.02. Осы Келісімнің 2.01-бөлімінің ережелерін шектеусіз және Алушы мен Дүниежүзілік банк арасында келісілген өзге жағдайларды қоспағанда, Алушы Жобаны іске асыруды осы Келісімге 2-қосымшаның ережелеріне сәйкес қамтамасыз етеді.

III бап

Грант

3.01. Дүниежүзілік банк Алушыға осы Келісімде жазылған немесе аталған тәртіппен және шарттарда Жобаны қаржыландыруға жәрдем көрсету үшін жиырма бір миллион жеті жүз алпыс үш мың АҚШ доллары (21763000 \$) мөлшерінде грант (бұдан әрі – Грант) бөлуге өз келісімін береді.

3.02. Алушы Грант қаражатын осы Келісімге 2-қосымшаның IV бөліміне сәйкес ала алады.

3.03. Грант Траст қорының қаражатынан қаржыландырылады, оны толықтыру үшін Дүниежүзілік банк Траст қорының донорынан кезең-кезеңмен берілетін жарналар алады. Стандартты шарттардың 3.02-бөліміне сәйкес Дүниежүзілік банктің төлем міндеттемелері осы Келісімге байланысты донор Траст қоры шеңберінде Дүниежүзілік банкке бөлетін қаражат сомасымен шектеледі және Алушының Грант қаражатын алу құқығы осы қаражаттың болуына байланысты.

IV бап

Құқықтық қорғаудың қосымша құралдары

4.01. Стандартты шарттардың 4.02 (к) бөлімінде көрсетілген, Келісімнің қолданысын тоқтата тұрудың қосымша жағдайлары: осы Келісімнің 5.03-бөлімінде айтылатын, Келісім күшіне енген күннен кейін Дүниежүзілік банк осы күн басталғанға дейін, бірақ осы Келісімге қол қойылған күннен кейін Дүниежүзілік банкке, осы Келісім осындай оқиға болған күні күшіне енген жағдайда, Алушының Грант шотынан қаражат алу құқығын тоқтата тұруға құқық беретіндей оқиғаның орын алғанын айқындайды.

V бап

Келісімнің күшіне енуі; қолданысын тоқтатуы

5.01. Осы Келісім Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын, төменде көрсетілген шарттардың сақталғаны жөнінде құжаттамалық куәліктер Дүниежүзілік банкке ұсынылғанға дейін күшіне енбейді.

(а) Осы Келісімнің Алушының атынан жасалуы және орындалуы барлық қажетті мемлекеттік іс-әрекеттер арқылы тиісті түрде санкцияланса немесе ратификацияланса.

(б) Осы Келісімге 2-қосымшаның В.1-бөліміне сәйкес Алушы Білім және ғылым министрлігі арқылы Дүниежүзілік банк үшін қолайлы нысанда Жоба бойынша Операциялық нұсқаманы бекітсе.

(с) Алушы Білім және ғылым министрлігі арқылы Дүниежүзілік банкке қолайлы нысанда қоғамдастық шеңберінде Сатып алу бойынша анықтамалықты бекітсе.

5.02. 5.01-бөлімге сәйкес ұсынылатын құжаттамалық куәліктер шеңберінде Дүниежүзілік банкке Дүниежүзілік банктің талаптарына сәйкес келетін заңгердің Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын қорытындысы немесе қорытындылары не Дүниежүзілік банктің өтініші бойынша Алушының атынан осы Келісімнің тиісті түрде санкцияланғаны (барлық қажетті үкіметтік рәсімдер мен іс-әрекеттерден өту арқылы) немесе ратификацияланғаны, сондай-ақ Алушының атынан қол қойылғаны және орындалғаны және осы Келісімнің шарттарына сәйкес ол үшін міндетті заң күші бар екені көрсетілген Алушының құзыретті лауазымды адамының Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын куәлігі ұсынылады.

5.03. Алушы мен Дүниежүзілік банк арасындағы өзгеше келісілген жағдайларды қоспағанда, осы Келісім Дүниежүзілік банк Алушының мекенжайына 5.01-бөлімге сәйкес ұсынылуға тиіс құжаттамалық куәліктерді өзінің қабылдағаны туралы хабарламаны жіберген күні (бұдан әрі – Күшіне ену күні) күшіне енеді. Егер Күшіне ену күніне дейін Дүниежүзілік банкке Алушының Грант шотынан қаражат алуға құқығын тоқтата тұруға уәкілеттік беретін оқиға орын алса, Дүниежүзілік банк осындай оқиға (осындай оқиғалар) аяқталғанға дейін осы Бөлімде айтылған хабарламаны жіберуді кейінге қалдыра алады.

5.04. Келісімнің күшіне енбеуі себебінен қолданысының тоқтатылуы. Дүниежүзілік банк мерзімнің бұзылу себептерін қарастырғаннан кейін осы Бөлімнің мақсатында неғұрлым кешірек мерзімді белгілеген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімнің және тараптардың осы Келісімнен туындайтын барлық міндеттемелерінің қолданысы, егер олар осы Келісімге қол қойылған күннен кейін 180 күн өткен соң күшіне енбесе, тоқтатылады. Дүниежүзілік банк Алушыны анағұрлым кешірек мерзім белгіленгені туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

VI бап

Алушының өкілі; Заңды мекенжайлар

6.01. Стандартты шарттардың 7.02-бөлімінде аталған Алушының өкілі Білім және ғылым министрі болып табылады.

6.02. Стандартты шарттардың 7.01-бөлімінде аталатын Алушының заңды мекенжайы:

Білім және ғылым министрлігі

Орынбор көшесі, 8

010000, Астана

Қазақстан Республикасы

Телефон: +7 7172 74-24-28

Факс: +7 7172 74-24-16

6.03. Стандартты шарттардың 7.01-бөлімінде сілтеме бар Дүниежүзілік банктің

з а ң д ы

м е к е н ж а й ы :

International Bank for Reconstruction and Development
1 8 1 8 Н S t r e e t , N . W .
Washington, D . C . 2 0 4 3 3
United States of America

Телеграф: INTBAFRAD, Washington, D.C.

Телекс: 248423 (MCI), 64145 (MCI)

Ф а к с : 1 - 2 0 2 - 4 7 7 - 6 3 9 1

_____, _____ жоғарыда көрсетілген күні және жылы ЖАСАЛДЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

У ә к і л е т т і ө к і л

Т . А . Ә . : -----

Лауазымы: _____

Х А Л Ы Қ А Р А Л Ы Қ Қ А Й Т А Қ Ұ Р У Ж Ә Н Е
Д А М У Б А Н К І Ү Ш І Н

У ә к і л е т т і ө к і л ?

Т . А . Ә . : -----

Лауазымы: _____

ҚОСЫМША ТОЛЫҚТЫРУ Айқындамалар

(а) «Бенефициар» – қызмет көрсететін ұйым немесе кіші жоба шеңберінде грант а л а т ы н ж а с т а р т о б ы .

(б) «Қоғамдастық игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту» – жастардың оңды даму элементтерін (мысалы, қоғамдық істерге қатысу, бастамашылық, қолдау жүйесі, қауіпсіз кеңістік және жағымды мінез-құлқы үшін көпшілікке танылу) дағдыланумен байланыстыруға мүмкіндік беретін және жас қатысушылардың танымдық тәжірибесін молайтуға, оларды азаматтық жауапкершілікке тартуға және Алушының қоғамдастықтарын нығайтуға бағытталған жастарды дамыту жобасы.

(с) «Қоғамдық істерге қатысу» осы Келісімнің 2-қосымшасы І.А.3-бөліміне сәйкес жас адамның өзі үшін де, сондай-ақ қоғамдастықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған волонтерлік қызмет пен іс-шараларды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмейтін, маңызды жетістіктерге қол жеткізуге бағытталған қызметті білдіреді.

(d) «Жергілікті қоғамдастық шеңберіндегі сатып алу жөніндегі нұсқама» – Білім және ғылым министрлігі дайындаған және Дүниежүзілік банктің талаптарына сай нұсқама, онда сатып алуды жүзеге асыру бойынша міндеттер мен рәсімдер және қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобалар шеңберінде

үлгілік құжаттар толығымен жазылады.

(е) «Үйлестіру агенттігі» – Алушы келісімшарт жасасқан және Жобаның 1-бөлігінің күнделікті іске асырылуына бақылау жүктелген ұйым.

(ф) «Жас адамдар тобы» – қоғамдастық игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларын оқыту бойынша кіші жобалардың гранттық конкурсына және кіші жобалардың іске асырылуына қатысу үшін Жоба бойынша Операциялық нұсқаманың критерийлеріне сәйкес қалыптастырылған жас адамдар тобы.

(г) «Қызмет көрсетуші ұйым» – Жобаның 1 (а)-бөлігіндегі іс-шараларға қатысу үшін іріктелетін өңірлерде Алушының аумағындағы жас адамдармен жұмыс істейтін азаматтық қоғам, жекеше немесе мемлекеттік сектор ұйымы.

(h) «Білім және ғылым министрлігі» – Алушының Білім және ғылым министрлігі немесе оның құқықтық мирасқоры.

(і) «Сатып алу жоспары» – 2013 жылғы 4 қарашадағы Жобаны іске асыруға арналған және «Сатып алу жөніндегі нұсқаманың» 1.16-параграфында және «Консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі нұсқаманың» 1.24-параграфында аталатын сатып алу жоспары, оған аталған параграфтарға сәйкес жүйелі түрде өзгерістер енгізілуі мүмкін.

(j) «Жоба бойынша Операциялық нұсқама» (немесе ЖОН) – Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын және Білім және ғылым министрлігі қабылдаған, Дүниежүзілік банкпен алдын ала келісілген ықтимал мерзімді түзетулер ескерілетін, осы Келісімнің 2-қосымшасының I.B.-бөлімінде ескерілген нұсқама.

(k) «Кіші жоба шеңберіндегі грант» – Кіші жоба шеңберінде Грант туралы келісімде көзделген шарттарға сәйкес Грант қаражатынан құқыққа сыйымды Бенефициарға б о л і н е т і н г р а н т .

(l) «Кіші жоба шеңберінде грант туралы келісім» – Үйлестіру агенттігі мен құқыққа сыйымды Бенефициар арасында жасасқан және кіші жоба шеңберінде грант қаражаты есебінен қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобаны іске асыру шарттарын белгілейтін келісім.

(m) «Әлеуметтік стипендия» – қоғамдастық игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына үйрету бойынша кіші жобаға қатысу үшін кіші жобаның әрбір жас қатысушысына (жеке дебиттік карта нысанында) Жоба бойынша Операциялық нұсқамада белгіленген критерийлерге сәйкес төленетін ақшалай нысандағы төлем.

(n) «Теңге» – Алушының ресми валютасы.

(o) «Траст қоры» – 2012 жылғы 19 желтоқсанда Дүниежүзілік банк пен Даму және ынтымақтастық жөніндегі Швейцария басқармасы (ДЫШБ) арасында қол қойылған Траст қоры әкімшілігін жүргізу туралы келісімнің талаптарына сәйкес Швейцария Үкіметі арқылы ДЫШБ беретін қаражат есебінен қаржыландырылатын энергия тиімділігін арттыру және жастар корпусын дамыту бағдарламалары үшін бір донордың Т р а с т қ о р ы .

(p) «Жастардың осал топтары» – (i) Жобаның 1(а)-бөлігіндегі іс-шараларға қатысу барысында оқуға, еңбек қызметіне немесе кәсіптік дайындыққа тартылмаған; немесе (ii) жұмыс істейтін, бірақ кедей жас адамдар.

(q) «Жас адам» – Жобаның 1-бөлігіндегі іс-шараларға қатысатын 14 жастан кіші емес, бірақ 30 жастан кіші Қазақстан Республикасының аумағында тұратын тұлға.

(r) «Жас адамдар» – Жобаның 1-бөлігіндегі іс-шараларға қатысатын саны айқындалмаған жас адамдар.

(s) «Жастар саясаты» – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен бекітілген «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.

2015 жылғы 10 қыркүйектегі
Грант туралы келісімге

1-ҚОСЫМША

ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Жобаның мақсаты жастардың, әсіресе әлеуметтік тұрғыдан осал топтарының қоғамдастық өміріне тартылуын ынталандыру, сондай-ақ қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бағдарламасы арқылы олардың өмірлік маңызы бар дағдыларын дамыту болып табылады.

Жоба мынадай бөліктерге бөлінген:

1-бөлік: Қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту және өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту бағдарламасын қолдау

(а) Мыналарды: (i) белгіленген талаптарды қанағаттандыратын, қызмет көрсететін ұйымдарға қосалқы-гранттарды, және (ii) Жоба бойынша Операциялық нұсқамада көзделген жобалық ұсыныстарды іріктеу критерийлеріне және оларды жасау бойынша нұсқамаға сәйкес қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобаларды іске асыру үшін белгіленген талаптарды қанағаттандыратын жас адамдардың топтарына арналған қосалқы-гранттар мен әлеуметтік стипендияларды ұсыну.

(b) Өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту және жобаларды басқару мәселелері бойынша белгіленген талаптарға жауап беретін жас адамдарды оқыту.

(c) Жастардың осал топтарының 1 (a) және 1 (b) құрауыштары шеңберінде жоғарыда көзделген іс-шараларға қатысуын ынталандыру мақсатында жастардың осы топтарымен тиімді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуге арналған пилоттық тәсілдерді дамытуға және іске асыруға ықпал ету.

(d) Ақпаратты үйлестіру, беру және есептілікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды: (i) ақпараттық-түсіндіру науқанын; және (ii) Жоба бойынша Операциялық нұсқамада белгіленген талаптар мен критерийлерге сәйкес кері байланыс

пен проблемаларды шешу тетігін әзірлеу және іске асыру арқылы ұйымдастыру.

2-бөлік: Жастар саясатын іске асыру бөлігінде Білім және ғылым министрлігінің институционалдық дамуын қолдау

(а) Жастар саясатын іске асыру, үйлестіру және бағалау үшін институционалдық тетіктерді дамытуға ықпал ету.

(b) Орта мектептердің жоғары сынып оқушыларына бағытталған оқыту бағдарламасын және ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын әзірлеуге ықпал ету.

3-бөлік: Жобаны басқаруды, мониторингтеуді және бағалауды ұйымдастыру

(а) Жобаны басқару, Үйлестіру агенттігінің қызметін қадағалау және Жобаны мониторингтеу мен бағалауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды өткізуде Жобаны басқару жөніндегі топтарды қолдау.

(b) Жыл сайынғы аудиторлық тексеруді жүргізу.

2015 жылғы 10 қыркүйектегі

Грант туралы келісімге

2-ҚОСЫМША

ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ

I бөлім. Институционалдық және басқа да тетіктер

A. Институционалдық тетіктер

1. Алушы Білім және ғылым министрлігі арқылы: а) Жобаның 1-бөлігіне сәйкес Үйлестіру агенттігінің жұмысын бақылауды; б) Жобаның 2 және 3-бөліктеріндегі іс-шараларды іске асыруды; с) Жоба шеңберінде алға қойылған міндеттерді орындау барысына стратегиялық басшылық жасауды және оны бақылауды қамтамасыз ете отырып, Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі бойында жалпы үйлестіруді және Жоба бойынша басқаруды қамтамасыз етеді.

2. Алушы Білім және ғылым министрлігі арқылы Жоба бойынша қызметті күнделікті орындау, қаржылық басқару, сатып алу, мониторингтеу және бағалау бойынша міндеттер жүктелетін, Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын әзірленген техникалық тапсырмалар, жасақталған штаты және ресурстары бар, Білім және ғылым министрлігі жанындағы Жобаны басқару жөніндегі топты белгілейді және оның Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі бойында жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жобаны басқару жөніндегі топтың құрамына басқалармен қатар, жобаны үйлестіруші, қаржылық басқару бойынша маман, сатып алу бойынша маман, мониторинг және бағалау бойынша маман мен аудармашы кіруге тиіс.

3. Алушы Жобаның 1-бөлігіндегі іс-шараларды іске асыру үшін Білім және ғылым министрлігі арқылы конкурстық негізде Үйлестіру агенттігін іріктейді және кейіннен Дүниежүзілік банк үшін қолайлы мерзімдерде және шарттарда Үйлестіру агенттігімен қызмет көрсету туралы шарттық қарым-қатынасқа түсуге тиіс. Мұндай мерзімдер мен

шарттар мыналарды: (а) Жобаның 1-бөлігінің оқыту іс-шараларының түпкілікті дизайнына Жоба бойынша Операциялық нұсқамада көрсетілген критерийлер мен талаптардың енгізілуін қамтамасыз етуді; (b) Жоба бойынша Операциялық нұсқамада көрсетілген іске асыру хаттамасымен және мониторинг жүйесімен сәйкестікті қамтамасыз етуді; және (с) кіші жобалар шеңберінде гранттар мен әлеуметтік стипендияларды уақтылы игеру үшін Жоба бойынша Операциялық нұсқамада белгіленген банктік карталарды толықтыру рәсімдерінің қолданылуын қамтамасыз етуді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

В. Жоба бойынша Операциялық нұсқама

1. Алушы Жобаны Білім және ғылым министрлігі арқылы Дүниежүзілік банк талаптарын қанағаттандыратын нұсқама ережелеріне (бұдан әрі – Жоба бойынша Операциялық нұсқама) сәйкес орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді, ол өзгелермен қатар мыналарды қамтуға тиіс:

(а) Жоба шеңберінде іске асыру тетіктері, қаржылық басқару, сатып алу мен бухгалтерлік есеп бойынша рәсімдер;

(b) Үйлестіру агенттігіне арналған техникалық тапсырма;

(с) қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту және Бенефициарларды таңдау бойынша кіші жобаларды таңдау, бағалау, іске асыру және бақылау жөніндегі критерийлер мен рәсімдік талаптар;

(d) қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобаларға жастардың оң дамуы элементтерінің интеграциялану критерийлері (мысалы, қоғамдық істерге қатысу, бастама, қолдау жүйесі, қауіпсіз кеңістік және оң мінез-құлқы үшін қоғамның мойындауы);

(e) қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобалар шеңберінде іске асыру хаттамасы және мониторинг жүйесі;

(f) кіші жобалар шеңберінде гранттар мен әлеуметтік стипендияларды уақтылы игеру үшін банктік карталарды толықтыру рәсімдері;

(g) жас адамдарды өмірлік маңызы бар дағдыларын дамыту және жобаларды басқару мәселелері бойынша оқыту бөлігінде критерийлер; және

(h) ақпараттық-түсіндіру науқаны мен кері байланыс және проблемаларды шешу тетігі бөлігіндегі критерийлер.

2. Жоба жөніндегі Операциялық нұсқаманың шарттары мен осы Келісімнің шарттары арасында келіспеушілік туындаған жағдайда, осы Келісім шарттары басымдыққа ие болады. Дүниежүзілік банкпен келісілген жағдайларды қоспағанда, Алушы Жоба бойынша Операциялық нұсқаманы және оның қандай да бір бөлігін орындауды тапсыруға (басқаға беруге), өзгертуге, оның күшін жоюға немесе одан бас тартуға тиіс емес.

С. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Алушы Жобаны іске асыруды 2006 жылғы 15 қазандағы «ХҚДБ қарыздары және

ХДҚ кредиттері мен гранттары есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру кезінде алаяқтық пен жемқорлықтың алдын алу және болдырмау жөніндегі нұсқаманың » және құжаттың 2011 жылғы қаңтарда жаңартылған нұсқасының (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқама) ережелеріне сәйкес қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Д. Қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобалар

1. Жобаның 1(а)-бөлігін орындау үшін Алушы Білім және ғылым министрлігі арқылы әрбір кіші жоба шеңберінде Гранттармен жұмыс істеу кезінде Үйлестіру агенттігінің қоғамдастық бастамаларына негізделген даму моделі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді, оның барысында қызмет көрсететін ұйымдар мен жастар тобы Жоба бойынша Операциялық нұсқамада белгіленген рәсімдерге сай Үйлестіру агенттігі ұсынатын өтінімдер бойынша конкурстық негізде іріктеледі.

2. Білім және ғылым министрлігі Дүниежүзілік банкпен келісілген шарттарға сәйкес Үйлестіру агенттігінің кіші жоба шеңберінде тиісті Грант алушы Бенефициармен жасасқан кіші жоба шеңберіндегі әрбір Грант туралы келісімді іске асыру жөніндегі жұмысын мыналарды қоса қамтамасыз етеді:

(а) кіші жоба шеңберіндегі Грант теңгемен көрсетіледі;

(b) Білім және ғылым министрлігі өз мүдделерін және Дүниежүзілік банктің мүдделерін тиісті түрде қорғау үшін мыналарды қоса құқықтар алуға:

(i) кіші жоба шеңберінде Грант алатын Бенефициар кіші жоба шеңберіндегі Грант туралы келісімде көзделген өзінің қандай да бір міндеттерін орындамаған жағдайда, Бенефициардың кіші жоба шеңберінде Грант қаражатын пайдалану құқығын тоқтата тұру немесе тоқтату немесе алған барлық соманы немесе оның қандай да бір бөлігін қайтарып алу құқығын;

(ii) кіші жоба шеңберінде Грант алатын әрбір Бенефициардан:

(А) Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын негізделген техникалық, экономикалық, қаржылық, басқарушылық, экологиялық және әлеуметтік стандарттар мен тәсілдерге, оның ішінде негізгі Алушы болып табылмайтын Грант қаражатын өзге де алушыларға қолданылатын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаманың ережелеріне сәйкес қоғамдастық игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша тиісті кіші жобаны тиісінше және тиімді іске асыруды;

(В) қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша тиісті кіші жобаның іске асырылуы үшін қысқа мерзімдерде қажетті ресурстар ұсынуды;

(С) осы Келісімнің ережелеріне сәйкес кіші жоба шеңберіндегі Грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды;

(D) Дүниежүзілік банктің талаптарына сай келетін көрсеткіштерге сәйкес қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобаның және оның мақсаттарына жету шеңберінде жұмыстардың атқарылу барысын бақылауды және бағалауды іске асыруға мүмкіндік беретін саясат пен рәсімдердің сақталуын;

(E) (1) кіші жобаның іске асырылуымен байланысты операциялардың, ресурстар мен шығыстардың көрсетілуін қамтамасыз ете отырып, Дүниежүзілік банктің талаптарына сай келетін жалпы қабылданған стандарттарға сәйкес қаржылық басқару жүйесін жүргізуді және қаржы есептілігін дайындауды;

(2) Дүниежүзілік банктің талаптарына сай келетін жалпы қабылданған аудит стандарттарына сәйкес Дүниежүзілік банктің, Білім және ғылым министрлігінің немесе Жобаны басқару жөніндегі топтың өтініші бойынша Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын тәуелсіз аудиторлар тарапынан осы қаржылық есептіліктің аудиторлық тексеруін, сондай-ақ Алушыға және Дүниежүзілік банкке аудит есептілігі арқылы тексерілген қаржылық есептіліктің уақытылы ұсынылуын ұйымдастыруды;

(F) Алушы мен Дүниежүзілік банк тарапынан қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобаға, онымен жұмыстарға және кез келген тиісті құжаттамаға тексеру жүргізу үшін жағдай жасауды;

(G) жоғарыда баяндалғандарға байланысты Алушы мен Дүниежүзілік банк негізді түрде талап ете алатын барлық ақпаратты дайындауды және Алушы мен Дүниежүзілік банкке ұсынуды талап ететін құқықтар алуға міндеттенеді.

3. Алушы мен Дүниежүзілік банктің мүдделерін қорғауды және Жобаның мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, Алушы кіші жоба шеңберінде әрбір Грант туралы келісім шеңберіндегі өз құқықтарын жүзеге асырады. Алушы Дүниежүзілік банкпен өзгеше уағдаластық болмаған кезде, кіші жоба шеңберінде қандай да бір Грант туралы келісімді немесе оның кез келген ережесін басқаға табыстамайды, өзгертпейді, оның күшін жоймайды немесе одан бас тартпайды.

Е. Әлеуметтік стипендия

Алушы Білім және ғылым министрлігі арқылы Үйлестіру агенттігінің Жоба бойынша Операциялық нұсқамада көзделген сомаға, кезеңділікке, критерийлерге және банк карталарын толықтыру рәсімдеріне сәйкес қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы дағдыларға оқыту бойынша кіші жобаға қатысатын жобаның жас қатысушыларына не қызмет көрсетуші ұйым арқылы, не топтың қатысушысы ретінде ең төмен күнкөріс деңгейін өтейтін стипендиялардың берілуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

II бөлім. Жоба бойынша мониторинг, есептілік және қызметті бағалау

A. Жобаның іске асырылу барысы туралы есеп; Жобаның іске асырылуының аяқталғандығы туралы есеп

1. Алушы Жоба бойынша жұмыстың барысын мониторингтеуді және бағалауды

жүзеге асырады және Стандартты шарттардың 2.06-бөлімінің ережелеріне сәйкес және Дүниежүзілік банктің талаптарына сай келетін көрсеткіштердің негізінде Жобаның іске асырылуы туралы есеп жасайды. Жобаның іске асырылуы туралы әрбір есеп ұзақтығы күнтізбелік бір тоқсан болатын кезеңді қамтиды және Есепте қамтылатын кезең аяқталғаннан кейін қырық бес күннен кешіктірілмей Дүниежүзілік банкке ұсынылады.

2. Алушы Жобаның іске асырылуының аяқталуы туралы есепті Стандартты шарттардың 2.06-бөлімінің ережелеріне сәйкес жасайды. Жобаның іске асырылуының аяқталуы туралы есеп Жоба жабылғаннан кейін екі айдан кешіктірілмей Дүниежүзілік банкке ұсынылады.

В. Қаржылық басқару; Қаржылық есептер; Аудиторлық тексерулер

1. Алушы Стандартты шарттардың 2.07-бөлімінің ережелеріне сәйкес Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын Жоба бойынша қаржылық басқару жүйесінің құрылуын қамтамасыз етеді.

2. Алушы Жоба бойынша тоқсандық аралық аудиттелмеген қаржылық есептердің Дүниежүзілік банк талаптарына сай келетін нысанда және мазмұнда жасалып, әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін қырық бес күннен кешіктірілмей, Дүниежүзілік банкке ұсынылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3. Алушы Жоба бойынша қаржылық есептілікті аудиторлық тексеруді Стандартты шарттардың 2.07 (b) бөлімінің ережелеріне сәйкес ұйымдастырады. Қаржылық есептілікті әрбір аудиторлық тексеру Алушының бір қаржылық жыл кезеңін қамтиды. Әрбір кезең бойынша аудиторлық тексеруден өткен қаржылық есептілік аудит кезеңі аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірілмей Дүниежүзілік банкке ұсынылады.

III бөлім. Сатып алуды жүзеге асыру

А. Жалпы ережелер

1. Сатып алуды және консалтингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асырудың басшылыққа алынатын қағидаттары. Жобаны іске асыру үшін қажетті және Грант қаражатынан қаржыландырылатын тауарлардың, консультациялық емес және консалтингтік көрсетілген қызметтердің барлығын сатып алу мынадай құжаттарда:

(a) 2011 жылғы қаңтарда шығарылған және 2014 жылғы шілдеде қайта қаралған «Дүниежүзілік банктің қарыз алушыларының ХҚДБ қарыздары және ХДҚ кредиттері мен гранттары бойынша тауарларды, жұмыстар мен консультациялық емес қызметтер көрсетуді сатып алу жөніндегі нұсқаманың» (бұдан әрі – Сатып алу жөніндегі нұсқама) I бөлімінде тауарларға, жұмыстар мен консультациялық емес қызметтер көрсетуге қатысты және 2011 жылғы қаңтарда шығарылған және 2014 жылғы шілдеде қайта қаралған «Дүниежүзілік банктің қарыз алушыларының ХҚДБ қарыздары және ХДҚ кредиттері мен гранттары бойынша консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі нұсқаманың» (бұдан әрі – Консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі нұсқама) I және IV бөліміндерінде консультанттар көрсететін қызметтерге қатысты, сондай-ақ

(b) осы III бөлімнің ережелерінде жазылған немесе ескерілген, сондай-ақ Сатып алу

жоспарында нақтыланған талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Айқындамалар. Осы Бөлімде сатып алудың нақты әдістерін немесе Дүниежүзілік банктің жекелеген келісімшарттарды қарау әдістерін сипаттау үшін төменде бас әріппен қолданылатын терминдер қаралып отырған жағдайға байланысты тиісінше Сатып алу жөніндегі нұсқаманың II және III бөлімдерінде немесе Консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі нұсқаманың II, III, IV және V бөлімдерінде жазылған әдістерге жатады.

В. Тауарларды сатып алудың белгілі бір әдістері

1. Халықаралық конкурстық сауда-саттық. Егер төмендегі 2-тармақта өзгеше көзделмесе, тауарларды және консультациялық емес қызметтер көрсетуді сатып алу Халықаралық конкурстық сауда-саттықты өткізу нәтижесінде берілген келісімшарттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Тауарларды сатып алудың басқа да әдістері. Сатып алу жоспарында көрсетілген келісімшарттар шеңберінде тауарларды сатып алу үшін халықаралық конкурстық сауда-саттықтан басқа мынадай: а) осы Келісімге 2-қосымшаға Толықтыруда жазылған қосымша ережелер ескеріле отырып, ұлттық конкурстық сауда-саттық, (b) ашық нарықта сатып алу және (c) тікелей келісімшарттарды жасасу сияқты әдістер қолданылуы мүмкін.

3. Қоғамдастық игілігіне қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобаларды іске асыру үшін қажетті тауарлар мен көрсетілетін қызметтер жергілікті қоғамдастық шеңберінде Сатып алу жөніндегі нұсқамада көрсетілген рәсімдерге сәйкес сатып алынуы қажет.

С. Консалтингтік қызметтер көрсетуді сатып алудың белгілі бір әдістері

1. Баға мен сапаның арақатынасына негізделген іріктеу. Егер төмендегі 2-тармақта өзгедей көзделмесе, онда консалтингтік қызметтер көрсетуді сатып алу сапа және құн бойынша іріктеу негізінде жасасқан келісімшарттар шеңберінде жүзеге асырылады.

2. Консалтингтік қызметтер көрсетуді сатып алудың басқа да әдістері. Сатып алу жоспарында көрсетілген тапсырмалар шеңберінде консалтингтік қызметтер көрсетуді сатып алу үшін сапа және құн бойынша іріктеуден басқа мынадай: (a) бекітілген бюджет жағдайларында іріктеу, (b) ең төмен құн бойынша іріктеу, (c) консультант біліктілігіне негізделген іріктеу, (d) бірыңғай көзден іріктеу, сондай-ақ (e) дара консультанттарды іріктеу сияқты әдістер пайдаланылуы мүмкін.

Д. Дүниежүзілік банктің сатып алу жөніндегі шешімдерге шолу жасауы

Сатып алу жоспарында Дүниежүзілік банктің алдын ала қарауына жататын келісімшарттар айқындалады. Барлық қалған келісімшарттар Дүниежүзілік банктің кейіннен қарауына жатады.

IV бөлім. Грант қаражатын алу А. Жалпы ережелер

1. Алушы төмендегі 2-тармақтың кестесінде берілген құқықтық күші бар

шығыстарды қаржыландыру үшін грант қаражатын мыналардың: (а) Стандартты шарттардың III бабының; (b) осы бөлімнің, сондай-ақ (с) Алушыға хабарламада (Дүниежүзілік банк мезгіл-мезгіл енгізетін өзгерістерді және жоғарыда аталған нұсқаулықтарды орындау үшін олардың мүмкіндігінше осы Келісімге сәйкес болуын ескере отырып, 2006 жылғы мамырда басып шығарылған Дүниежүзілік банктің жобаны іске асыруға қаражат беру жөніндегі нұсқамасын қоса алғанда) Дүниежүзілік банк айқындай алатын қосымша нұсқаулықтардың ережелеріне сәйкес ала алады.

2. Төменде ұсынылған кестеде грант қаражатынан қаржыландырылуы мүмкін заңды шығыстардың санаттары (бұдан әрі – Санат), әрбір Санатқа грант сомасының бөлінуі, сондай-ақ әрбір Санатта құқықтық күші бар шығыстар шеңберінде қаржыландырылатын шығыстардың пайыздық үлесі көрсетілген:

Санат	Гранттан бөлінген сома (АҚШ долл.)	Қаржыландырылатын шығыстардың пайыздық қ а т ы н а с ы (салықтарды қоса алғанда)
(1) Жоба бойынша 1-бөліктің кіші жобаларын іске асыру шеңберіндегі тауарлар, консалтингтік қызметтер көрсету, оқыту, стипендиялар, гранттар және операциялық шығыстар	20000000	100 %
(2) Жоба бойынша 2 және 3-бөлікті орындау шеңберіндегі тауарлар, консалтингтік қызметтер, оқыту және операциялық шығыстар	1763000	100 %
ЖАЛПЫ СОМА	21763000	

(а) «Операциялық шығыстар» термині Жобаны іске асыруға, техникалық қызмет көрсету мен көлік құралдары мен жабдықтарды жалдауға байланысты, отынға, кеңсе керек-жарақтары мен басқа да шығыс материалдарына төлеу үшін, көлік құралдары мен жабдықтарын сақтандыру, кеңсені жалдау, интернет пен байланыс төлемдерін, ақпараттық жүйелерді қолдау, құжаттаманы аударуға байланысты шығыстарды төлеу, банк алымдарын, коммуналдық қызметтерді, сондай-ақ қолайлы іссапар мен көлік шығыстарын төлеу, тәуліктік және тұру шығыстарын, жас адамдарға арналған кіші жобалар шеңберінде қызмет көрсететін ұйымдарға келтірген үстеме шығыстарды, сондай-ақ Жоба бойынша қызметті жүзеге асыруға тікелей байланысты басқа да негізделген шығыстарды төлеу үшін Алушы және/немесе Жобаны басқару жөніндегі топ шеккен негізделген және қосымша шығыстарды білдіреді. Операциялық шығыстар Алушының мемлекеттік қызметтегі лауазымды адамдарының жалақысын қамтымайды.

(b) «Оқыту» термині Жобаны іске асыру барысында мыналарға: (i) өткізілетін оқытуға байланысты оқытушылар және оқып-үйренушілер көтерген іссапар шығыстарына, тұруға, тамақтануға және тәуліктік шығыстарға негізделген; (ii) курс құнына; (iii) оқытуды/семинарды өткізу үшін пайдаланылатын үй-жай мен жабдықтарды жалдау ақысына; (iv) осы тармақта көзделмеген оқыту материалдарын

дайындауға, алуға, қайта шығаруға және таратуға орай шығыстарға байланысты туындайтын шығыстарды (кіші жобалар гранттары шеңберінде қаржыландырылатын консалтингтік немесе оқытумен байланысты емес) білдіреді.

В. Қаражатты алу шарттары; Қаражатты алуға арналған кезең

1. Осы бөлімнің А бөлігінің ережелеріне қарамастан, грант қаражаттын:

(а) осы Келісімге қол қойылған кезге дейін орындалмаған төлемдер үшін;

(б) Алушы мен Үйлестіру агенттігінің арасында Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын Үйлестіру агенттігі көрсететін қызметтерге келісімшартты ресімдеу сәтіне дейін, сондай-ақ оның заңды күшіне және толық көлемде қолданысқа енген сәтке дейін Жобаның 1-бөлігінің шеңберінде орындалған төлемдер үшін; немесе

(с) әзірленген техникалық тапсырмалармен, ресурстармен және жасақталған штатпен (ең кем дегенде, Жоба үйлестірушісін, қаражатты басқару мәселелері бойынша маманды, сатып алу бойынша маманды және аудармашыны қоса алғанда) және Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын бөлінген тиісінше кеңсе үй-жайымен Білім және ғылым министрлігі жанынан Жобаны басқару жөніндегі топты құру сәтіне дейін алуға жол берілмейді.

2. Стандартты шарттардың 3.06 (с) бөлімінде көрсетілген жабылу күні 2017 жылғы 29 желтоқсан болып есептеледі.

V бөлім. Өзге де міндеттемелер

1. Осы Келісім күшіне енген кезден бастап қырық бес күн ішінде Жобаны басқару жөніндегі топта Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын есептілік және бухгалтерлік есеп жүйесі жұмыс істеуі қажет.

2. Жобаға орташа мерзімді шолу жүргізілгенге дейін жиырма күннен кешіктірілмей немесе Дүниежүзілік банкке қолайлы кешірек мерзімде Алушы, Білім және ғылым министрлігі арқылы Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын және мынадай аспектілерді: (а) осы уақытқа дейін Жобаның іске асырылу нәтижелерін бағалауды; (б) осы Келісімге 2-қосымшаның II.A.1-бөлімінде белгіленген, нәтижелердің матрицасын және тиімділік көрсеткіштерін қоса алғанда, Жоба жоспарын өзгертудегі кез келген қажеттілікті; (с) Жобаны іске асырудың аяқталуының болашақтағы қадамдарын қысқаша сипаттауды қамтитын орта мерзімді шолу туралы есепті дайындауға және ұсынуға міндеттенеді.

3. Келісім күшіне енгеннен кейін Алушы Дүниежүзілік банкпен бірлесіп жиырма төрт айдан кешіктірмей Жобаның іске асырылуының орта мерзімді шолуын жүргізуге және артынша келісілген шараларға сәйкес Жобаны іске асыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2-ҚОСЫМШАҒА ТОЛЫҚТЫРУ ҰЛТТЫҚ КОНКУРСТЫҚ САУДА-САТТЫҚ - ӨЗГЕРІСТЕР

Ұлттық конкурстық сауда-саттық шеңберінде жүргізілетін сатып алуды жүзеге асыру рәсімі 2013 жылғы 13 шілдедегі № 125-V өзгерістерді қоса алғанда, 2007 жылғы 21 шілдедегі Алушының «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 303-III Заңында жазылған «Конкурс арқылы мемлекеттік сатып алу» рәсімі болып табылады; алайда оған мынадай шарттар қойылады: мұндай рәсім I бөлімнің ережелеріне, III бөлімінің 3.3 және 3.4-тармақтарына және Сатып алу жөніндегі нұсқаманың 1-қосымшасына және мынадай қосымша ережелерге сәйкес болуға тиіс:

(a) Құқықтық күш: сауда-саттыққа қатысушылардың сатып алу процесіне қатысуға құқықтылығы және оларға Дүниежүзілік банк қаржыландыратын келісімшартты беру Сатып алу жөніндегі нұсқаманың I бөліміне сәйкес болуы тиіс; тиісінше, сауда-саттыққа қатысушы немесе сауда-саттыққа әлеуетті қатысушы Сатып алу жөніндегі нұсқаманың I бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Дүниежүзілік Банк қаржыландыратын келісімшарттарды олармен жасасу үшін құқылы емес деп жариялана алмайды. Шетелдік қатысушылар ұлттық конкурстық сауда-саттыққа қатысуға жіберіледі және шетелдік қатысушылар сатып алу процесіне қатысу құқығын алу үшін сауда-саттыққа жергілікті қатысушылармен ынтымақтастықта болуға міндетті е м е с .

(b) Тіркеу: конкурстық сауда-саттық алдын ала тіркелген фирмалардың қатысуымен шектелмейді, ал сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер беру үшін алдын ала талап ретінде оған шетелдік қатысушылардан жергілікті билік органдарында тіркелу талап етілмейді.

(c) Артықшылықтар: конкурстық ұсыныстарды бағалау барысында сауда-саттыққа қатысушының азаматтығы, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және жұмыс күшінің шығу тегі, жергілікті үлесі, азаматтардың қатысу дәрежесі және/немесе кез келген басқа да преференциялық бағдарламалар негізінде артықшылықпен қарау ф а к т і л е р і н е ж о л б е р і л м е й д і .

(d) Тендерлік құжаттама: сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар тиісті стандартты тендер құжаттарын, оның ішінде Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын келісімшарт ережелерін п а й д а л а н а д ы .

(e) Шығыстарды бағалау: шығыстарды бағалау құпия ақпарат болып табылады және сауда-саттыққа әлеуетті қатысушыларға жария етуге жатпайды. Дүниежүзілік банктің алдын ала жазбаша келісімін алмай, шығыстар бағасымен және/немесе бюджеттің шекті деңгейімен салыстыру негізінде конкурстық ұсыныстарды қ а б ы л д а м а у ғ а ж о л б е р і л м е й д і .

(f) Конкурстық ұсыныстың қолданыс мерзімі: конкурстық ұсыныстың қолданыс мерзімін ұзартуға, ерекше мән-жайларда, іс-қимылдың қолданыс мерзімінің аяқталу күні басталғанға дейін барлық қатысушылардың жазбаша нысандағы өтініші бойынша және бағалауды аяқтауға және/немесе келісімшартты жасасуға қажетті ең аз мерзімге ұзартылатын жағдайда ғана бағалауды аяқтауға немесе келісімшартты жасасуға қажетті ең аз мерзімге ұзартуға жол беріледі және ол төрт (4) аптадан аспайды. Мерзімді

қосымша ұзарту туралы бұдан кейінгі өтініштерге Дүниежүзілік банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз жол берілмейді.

(g) Конкурстық ұсыныстарды ұсыну және конверттерді ашу: сауда-саттыққа әлеуетті қатысушыларға конкурстық ұсыныстарды дайындау және беру үшін, сауда-саттыққа қатысуға шақыру жарияланған кезден бастап немесе тендер құжаттамасы алынған кезден бастап оқиғалардың қайсысы кешірек болатынына байланысты кемінде отыз (30) күн беріледі. Конкурстық ұсыныстар бар конверттер өтінімдерді беру мерзімі аяқталған соң дереу көпшілік алдында ашылады. Конверттерді ашу хаттамасының көшірмесі өз конкурстық ұсыныстарын берген сауда-саттыққа барлық қатысушыларға, сондай-ақ Дүниежүзілік банк тарапынан алдын ала қарауға жататын келісімшарттарға қатысты Дүниежүзілік банкке уақытында беріледі.

(h) Біліктілік: біліктілік критерийлері тендер құжаттамасында нақты айқындалған. Тендер құжаттамасында белгіленген барлық критерийлер және тек осы критерийлер ғана сауда-саттыққа қатысушының тиісті біліктілігі бар екенін айқындау үшін пайдаланылады. Біліктілікті бағалау «сәйкес/сәйкес емес» қағидаты бойынша жүргізіледі, ал балдық жүйе қолданылмайды. Осындай бағалау объективті және өлшемді факторларды, оның ішінде: (i) тиісті жалпы және осы салаға тән тәжірибені, сондай-ақ келісімшартты орындағаннан кейін қанағаттанарлық өндірістік көрсеткіштерді және белгілі бір кезең ішінде ұқсас келісімшарттарды ойдағыдай аяқтауды; (ii) қаржылық жағдайды; және тиісті жағдайларда (iii) құрылыс және/немесе өндірістік жабдықтардың мүмкіндіктерін назарға ала отырып, сауда-саттыққа қатысушының немесе сауда-саттыққа әлеуетті қатысушының келісімшартты нәтижелі орындау қабілетті мен ресурстарына ғана негізделеді.

(i) Дүниежүзілік банктің талаптарына жауап беретін алдын ала біліктілік бойынша рәсімдер мен құжаттама жұмыстарды орындауға арналған ірі, күрделі және/немесе мамандандырылған келісімшарттар жағдайында қолданылады. Оның негізінде сауда-саттыққа қатысушы алдын ала біліктіліктен өткен ақпаратты, оның ішінде қатысушының персонал мен жабдыққа қатысты ағымдағы міндеттемелері мен мүмкіндіктерін тексеру келісімшарт жасалған сәтте жүзеге асырылады.

(j) Алдын ала біліктілік рәсімі қолданылмайтын жағдайларда келісімшарт жасасу ұсынылатын сауда-саттыққа қатысушының біліктілігі тендерлік құжаттамада көрсетілген біліктілік критерийлері қолданыла отырып, постбіліктілік барысында бағаланады.

(k) Конкурстық ұсынысты бағалау: бағалау критерийлері тендерлік құжаттамада нақты айқындалған. Конкурстық ұсыныстарды бағалау тендерлік құжаттамада жазылған сандық бағалауға келетін критерийлерге қатаң сәйкестендіріліп жүргізіледі. Бағаны қоспағанда, бағалау критерийлері ақшалай мәнде беріледі. Балдық жүйе және топтау қолданылмайды, сондай-ақ конкурстық ұсыныстарды бағалау кезінде баға мәніне не ең төменгі нүкте де, пайыздық мән де берілмейді. Конкурсанттар маңызды

емес, болмашы ауытқулар себебі бойынша алып тасталмайды.

(l) Келісімшарттар конкурстық ұсынысы: (i) тендерлік құжаттамаға едәуір дәрежеде сәйкес келетін және (ii) ең төмен бағалау құнын ұсынатын сауда-саттыққа білікті қатысушыға беріледі. Конкурстық ұсыныстың бағасын немесе мәнін талқылау к о з д е л м е г е н .

(m) Өтінімдерден бас тарту және сауда-саттықты қайта өткізу: өтінімдер бағалау құнынан төмен немесе жоғары болғандықтан немесе белгіленген шектен немесе ұсыныстар бағасы «тобының» шегінен шыққандықтан ғана олардан бас тартылмайды. Барлық конкурстық ұсыныстардан (немесе, егер тек біреу ғана алынса, жалғыз ұсыныстан) бас тартуға, сатып алу процесін болдырмауға, сондай-ақ жаңа конкурстық ұсыныстарға сұрау салуға Дүниежүзілік банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз жол б е р і л м е й д і .

(n) Кепілдіктер: кепілдіктердің форматы мен қажетті қолданылу мерзімі тендер құ ж а т т а м а с ы н д а б е л г і л е н е д і .

(o) Құпиялылық: конкурстық ұсыныстарды бағалау процесі келісімшартты беру туралы ақпарат жарияланған кезге дейін құпия болып табылады.

(p) Электрондық сатып алу жүйелері: электрондық сатып алу жүйелері Дүниежүзілік банктің талаптарына сай келген жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

(q) Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық: сатып алу жөніндегі нұсқамаға сәйкес әрбір тендер құжатын және келісімшартқа Дүниежүзілік банктің алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарына қатысқаны Сатып алу жөніндегі нұсқамаға сәйкес анықталған фирмаларға немесе жеке тұлғаларға қарсы санкциялар қолдануға қатысты саясатын көрсететін ережелер енгізілді.

(r) Бақылау және аудиторлық тексерулерге құқық: сатып алу жөніндегі нұсқамаға сәйкес әрбір тендер құжатына және келісімшартқа Дүниежүзілік банктің шоттарды, есептерді және конкурстық ұсыныстарды беруге байланысты басқа да құжаттарды бақылауға және аудиттеуге және келісімшарттарды орындауға қатысты саясатын көрсететін ережелер енгізілген.

ҚОСЫМША ТОЛЫҚТЫРУ Анықтамалар

(a) «Бенефициар» – қызмет көрсететін ұйым немесе кіші жоба шеңберінде грант а л а т ы н ж а с т а р т о б ы .

(b) «Қоғамдастық игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту» – жастардың оңды даму элементтерін (мысалы, қоғамдық істерге қатысу, бастамашылық, қолдау жүйесі, қауіпсіз кеңістік және жағымды мінез-құлқы үшін көпшілікке танылу) дағдыланумен байланыстыруға мүмкіндік беретін және жас қатысушылардың танымдық тәжірибесін молайтуға, оларды азаматтық жауапкершілікке тартуға және Алушының қоғамдастықтарын нығайтуға бағытталған жастарды дамыту жобасы.

(с) «Қоғамдық істерге қатысу» осы Келісімнің 2-қосымшасы І.А.3-бөліміне сәйкес жас адамның өзі үшін де, сондай-ақ қоғамдастықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған волонтерлік қызмет пен іс-шараларды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмейтін, маңызды жетістіктерге қол жеткізуге бағытталған қызметті білдіреді.

(d) «Жергілікті қоғамдастық шеңберіндегі сатып алу жөніндегі нұсқама» – Білім және ғылым министрлігі дайындаған және Дүниежүзілік банктің талаптарына сай нұсқама, онда сатып алуды жүзеге асыру бойынша міндеттер мен рәсімдер және қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобалар шеңберінде үлгілік құжаттар толығымен жазылады.

(e) «Үйлестіру агенттігі» – Алушы келісімшарт жасасқан және Жобаның 1-бөлігінің күнделікті іске асырылуына бақылау жүктелген ұйым.

(f) «Жас адамдар тобы» – қоғамдастық игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларын оқыту бойынша кіші жобалардың гранттық конкурсына және кіші жобалардың іске асырылуына қатысу үшін Жоба бойынша Операциялық нұсқаманың критерийлеріне сәйкес қалыптастырылған жас адамдар тобы.

(g) «Қызмет көрсетуші ұйым» – Жобаның 1 (а)-бөлігіндегі іс-шараларға қатысу үшін іріктелетін өңірлерде Алушының аумағындағы жас адамдармен жұмыс істейтін азаматтық қоғам, жекеше немесе мемлекеттік сектор ұйымы.

(h) «Білім және ғылым министрлігі» – Алушының Білім және ғылым министрлігі немесе оның құқықтық мирасқоры.

(i) «Сатып алу жоспары» – 2013 жылғы 4 қарашадағы Жобаны іске асыруға арналған және «Сатып алу жөніндегі нұсқаманың» 1.16-параграфында және «Консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі нұсқаманың» 1.24-параграфында аталатын сатып алу жоспары, оған аталған параграфтарға сәйкес жүйелі түрде өзгерістер енгізілуі мүмкін.

(j) «Жоба бойынша Операциялық нұсқама» (немесе ЖОН) – Дүниежүзілік банктің талаптарын қанағаттандыратын және Білім және ғылым министрлігі қабылдаған, Дүниежүзілік банкпен алдын ала келісілген ықтимал мерзімді түзетулер ескерілетін, осы Келісімнің 2-қосымшасының І.В.-бөлімінде ескерілген нұсқама.

(k) «Кіші жоба шеңберіндегі грант» – Кіші жоба шеңберінде Грант туралы келісімде көзделген шарттарға сәйкес Грант қаражатынан құқыққа сыйымды Бенефициарға бөлінетін грант.

(l) «Кіші жоба шеңберінде грант туралы келісім» – Үйлестіру агенттігі мен құқыққа сыйымды Бенефициар арасында жасасқан және кіші жоба шеңберінде грант қаражаты есебінен қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бойынша кіші жобаны іске асыру шарттарын белгілейтін келісім.

(m) «Әлеуметтік стипендия» – қоғамдастық игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына үйрету бойынша кіші жобаға қатысу үшін кіші жобаның әрбір жас қатысушысына (жеке дебиттік карта нысанында) Жоба бойынша Операциялық

нұсқамада белгіленген критерийлерге сәйкес төленетін ақшалай нысандағы төлем.

(n) «Теңге» – Алушының ресми валютасы.

(o) «Траст қоры» – 2012 жылғы 19 желтоқсанда Дүниежүзілік банк пен Даму және ынтымақтастық жөніндегі Швейцария басқармасы (ДЫШБ) арасында қол қойылған Траст қоры әкімшілігін жүргізу туралы келісімнің талаптарына сәйкес Швейцария Үкіметі арқылы ДЫШБ беретін қаражат есебінен қаржыландырылатын энергия тиімділігін арттыру және жастар корпусын дамыту бағдарламалары үшін бір донордың

Т р а с т қ о р ы .

(p) «Жастардың осал топтары» – (i) Жобаның 1(a)-бөлігіндегі іс-шараларға қатысу барысында оқуға, еңбек қызметіне немесе кәсіптік дайындыққа тартылмаған; немесе (ii) жұмыс істейтін, бірақ кедей жас адамдар.

(q) «Жас адам» – Жобаның 1-бөлігіндегі іс-шараларға қатысатын 14 жастан кіші емес, бірақ 30 жастан кіші Қазақстан Республикасының аумағында тұратын тұлға.

(r) «Жас адамдар» – Жобаның 1-бөлігіндегі іс-шараларға қатысатын саны айқындалмаған жас адамдар.

(s) «Жастар саясаты» – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен бекітілген «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.